

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ

№ 222 БАСПАСӨЗ- РЕЛИЗ «БТА Банк» АҚ-ның Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруы туралы

2010 жылғы 31 тамызда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасының «БТА Банк» Акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» № 116 қаулысы (бұдан әрі – Қаулы) қабылданды.

Қаулы «БТА Банк» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) 2010 жылғы 28 мамырдағы Банктің конкурстық кредиторларының жиналысымен мақұлданған, 2010 жылғы 1 мамырдағы Ақпараттық меморандумда қамтылған Банкті қайта құрылымдау жоспарында (бұдан әрі – Қайта құрылымдау жоспары) көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруына байланысты қабылданды.

Жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде жалпы Банктің сауықтыруы, оның ішінде Банктің меншікті капиталын Агенттік талап еткен деңгейге жеткізуі жүзеге асты. Мысалы, Банктің Агенттікке берген есептілігіне сәйкес 2010 жылғы 27 тамызда реттеуші меншікті капиталы 286 135 332 мың теңгені құрады (2009 жылғы маусымнан бастап 2010 жылғы тамызға дейін Банктің меншікті капиталының мәні теріс болды).

Банк қаржылық жағдайының жақсаруына Банк кредиторларының борыштың бір бөлігін шығынға жазуы есебінен және Банктің борышын жай акцияларға айырбастау негізінде қол жеткізді.

Агенттік Қайта құрылымдау жоспарының шарттарын орындау фактісін Банктің кредиторлар комитетімен расталғанын атап өтеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Агенттіктің 2010 жылғы 31 тамыздағы хатымен Алматы қаласындағы Мамандандырылған қаржылық соттың атына Банктің қайта құрылымдауын тоқтату туралы өтініш жіберілді.